

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 102
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысы 15-тармағының 312-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Эталондық бақылау нормативтік құқықтық актілер банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы**

**А.
Альназарова**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 102 Бұйрыққа
бекітілген

**Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инвентаксимен
тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер
тізбесі**

- 1) толық соқырлық;
- 2) түзетумен екі көзінің 0,03-ке дейін көру өткірлігі;
- 3) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі вестибулярлық мишықтың бұзылысы;
- 4) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гиперкинетикалық амиостатикалық синдромы;
- 5) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі паркинсонизмі (акинетикалық-регидтік түрі);
- 6) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемипарез, төменгі парапарез, трипарез, тетрапарез;
- 7) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемиплегия, триплегия, параплегия, тетраплегия, диплегия;
- 8) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі қанайналым және тыныс алу функцияларының бұзылысы (III сатыдағы қанайналым жеткіліксіздігі, IV функциялық кластағы сәйкесінше стенокардияның коронарлық жеткіліксіздігі, II-III және III сатылардағы өкпе-жүрек функциясы жеткіліксіздігімен қосарласқан III сатыдағы тыныс алу жеткіліксіздігі және басқалар);
- 9) жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі несеп шығару жүйесі функциясының бұзылысы (диализ терапиясын алушылар);

10) III-IV дәрежедегі буын функцияларының бұзылысын қоса алғанда, жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі организмнің статикалық-динамикалық функцияларының бұзылысы;

11) протезге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың ампутациялық тұқылдары;

12) протезге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың туа біткен даму ауытқулары;

13) протезге жатпайтын екі санның ампутациялық тұқылдары;

14) протезге жатпайтын, қолдың айқын көрінетін функциялық бұзылыстарымен, жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі сирақтың ампутациялық тұқылдары;

15) жүріп-тұрудың III үшінші дәрежедегі бұзылысымен аяқтардың туа біткен даму ауытқулары;

16) жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын қолдарының айқын функциялық бұзылыстарымен қосарласқан буындар функцияларының III-IV дәрежеде бұзылысымен екі жамбас-сан немесе тізе буындарының шорбуындары, контрактуралары;

17) заңды өкілінің сүйемелдеуіне мұқтаж ауыр мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар психикалық аурулар;

18) жай-күйі ауырлығының ауырлық дәрежесімен иммундық жүйенің туа біткен бұзылысы.